

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қанатты достар

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/91351/

ДЖЕГИБАЕВА МАРХАБАТ САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ

Білім салалары: Таным.**Бөлімі:** Жаратылыстану**Тақырыбы:** «Қанатты достар».**Мақсаты:** Құстар туралы ұғымын жалғастыра отырып, құстарға қамқорлықпен қарап, күтім жасауға тәрбиелеу.**Міндеттері:**

1. Табиғат пен адам үйлесімділігі, оның адам өміріндегі, маңыздылығын түсіндіру;
2. Табиғатқа қамқор бола білу іскерліктерін дамыту;
3. Табиғатқа, өсімдіктерге күтіммен қарауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Құстардың суреті, дәптермен жұмыс, Слайд, Құстарға ағаштан ұя жасау.**Сөздік жұмыс:** қанат, денесі, құйрығы.**Билингвалды компонент:** құс- птица**«Жылулық шеңбері»****Сәлем деймін достарға****Сәлем деймін құстарға****Сәлем деймін апайларға!****Ұйымдастыру кезеңі:**

Өткен тақырыпты қайталау:

Құстардың пайдасы өте көп, тіршілік ету әрекеттері әртүрлі, олар табиғат сақшылары.

Жыл құстары: қараторғай, аққу, қарлығаш.

Қыстап қалатын құстар: қарға, тоқылдақ, сауысқан, көгершін, торғай.

Ғажайып сәт:

Айша: Қарлығаш адамға саулық, жақсылық тілеп жүретін және қауіп қатерден қорғап жүреді.

Адамзаттың жақыны

Қарлығаш та ақылды

Көгершін мен екуі

Жайлайды бір шатырды.

Аружан: Тоқылдақты халық орман емшісі деп атайды. Ол ағашты зиянды құрт-құмырсқадан тазартады.

Тоқылдақтар тоқылдап

Ешбір тыным көрмейді

Ағашты қанша теседе,

Жұмысы бір өнбейді.

Мұстафа: (Кекілік)

Кекілік- ау, кекілік,

Тау- таста жүреді секіріп

Қауіп төнсе кенеттен

Бұтаға олар бекініп

Ақарыс: (Сауысқан)

Селк етіп сырт дауыстан

Шықылықтайды сауысқан

Атамның жиған сымдарын

Терекке тасып тауысқан

Ертөре: (қарға)

Қарға, қарға, қарғалар

Қар үстінде жорғалар

Екі шоқып, бір қарап

Қара басын қорғалар.

Айкүнім:(Аққу)

Құс сұлуы аққумын

Табиғат көркі сыйлаған

Мылтығын кезеп еш мерген,

Атуға көзі қимаған

Айым:

Үйге кірші торғайым

Мен аяздан қорғайын.

Жем шашамын жегейсің

Үйшік жасап берейін.

Дәптермен жұмыс:

« Сөз» ойыны

Біз тамақты немен жейміз? (ауызбен)

Ал құстар ше? (Тұмсықпен)

Адамның денесі терімен жабылға, Құстардың ше? (қауырсындарымен)

Бізде аяқ бар құстарда ше? (Сирақ)

Біздің қолымыз бар құстарда ше? (Қанат)

Сергіту сәті:

Қарлығашқа ұқсайық,

Кәне, қанат жасайық (екі қолын қанат етіп жаяды)

Қарлығаш боп ұшайық, (қолын сермей, қылықтаған қимыл жасайды).

Орнымызға қонайық (орындарына отырады).

Жұмбақ шешеді:

Талдың басында,

Жемі бар қасында

Там тұр саялы,

Достарға аялы.

(Құс ұясы)

Тал басында түндіксіз отау

(Ұя)

Дидактикалық ойын: « Құстарға ұя жасаймыз» (Алдын ала жасалған тапсырмалар, суреттер мен видеолар).

Мақсаты: Балаларға құстар ұясын неден жасайды? Ұя салу үшін құсқа не қажет екенін анықтап көрсету, отбасымен әкесімен немесе ағасымен бірге жасау.

Ойын шарты: « Құстарға ұя жасау».

Қортынды кезең: (рефлексия) Гүл. Үстел үстінде крышкалар: қызыл және жасыл. Белсенді қатысқаны үшін, жақсы жауап бердім деп ойлаған бала қызыл түсті гүл жасайды, орташа жауап берген бала, жасыл түсті гүл жасайды. Мақтап мадақтаймын.

Күтілген нәтиже: құстар туралы, мекен ету ортасы туралы.

Түсінеді: жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың айырмашылықтарын;

Қолданды: құстардың мінез- құлығын бақылау дағдыларын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.